


ISSN 1560-1749

Казакстан
**ЖОҒАРЫ
МЕКТЕБІ**



**ВЫСШАЯ
ШКОЛА
КАЗАХСТАНА**

**HIGHER
EDUCATION IN
KAZAKHSTAN**

С.Т. ҚАРҒАБАЕВА,

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ

Халықаралық Бизнес Академиясы, Алматы қаласы

ЕРКІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТЫ ҚҰРУ ТАЛАПТАРЫН ТАЛДАУ

Еркін экономикалық аймақтағы женілдіктер мен ынталандырулар жүйесін тиімді жасау – болашақта оның ойдағыдан дамуының кепілі. Дәл осыдан инвесторларды тартудан түсken пайда мен салық және кеден женілдіктерінің берілуінен болған бюджеттік шығындар ара қатысы тәуелді. Жалпы женілдіктер, мұндағы жоқ даму факторларының өтемакы механизмы емес, берілген аймақтың салыстырамлы басымдылықтарды іске асыруда косымша құрал қызметін атқаруы тиіс. Мемлекет рөлі тек осындай онтайлы жүйені қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге оның орнатылған женілдіктерді және преференцийлерді сактау үшін тұрақты түзетулер мен бақылау жасауда да маңызды.

Қазакстанда арнағы экономикалық аймақтарда қаржы іс-әрекеті еркін экономикалық аймактардың Әкімшілік кеңесі қаржы қорын немесе еркін экономикалық аймақтың шекарасы әкімшілік-территориялық бірліктің шекарасымен тұра келгенде бюджетті қалыптастыруды қарастырады. «Ақтау теңіз порты» арнағы экономикалық аймағы, «Астана-жаңа қала» арнағы экономикалық аймағы әкімшілік-территориялық бірліктің шекарасында орналасқан себебінен, олардың бюджеттері бір мезгілде сәйкес Ақтау және Астана қалаларының бюджеті болып табылады. Оңтүстік облысындағы «Оңтүстік» арнағы экономикалық аймағында, Алматы

қаласының Медеу ауданының Алатау кентінде орналаскан «Акпараттар технологиялар паркі» арналы экономикалық аймагында каржы коры қалыптасады.

Арналы экономикалық аймактардың мақсатты каржы корлары бос бюджет құралдары, салықтың сипатты емес төлемдер, сауда жүргізгендегі табыстар, аймактық лотереялар, заңдық және жеке тұлғалардың еркін салымдары, сондай-ақ заңға қарсы келмейтін басқа көздер арқылы да құрылады.

Еркін экономикалық аймактар іс-эрекеттеріндегі кедендейкі салу мәселелері республиканың шексіз құқығы болып табылады, ол аймақ кәсіпорындарының сыртқы экономикалық операцияларға кедендейкі баждары мен салықтарының женілдік деңгейін белгілейді. Мемлекет аймақ шекарасындағы (ішкі және сыртқы) кедендейкі бақылауды жүзеге асырады.

Аймакта тұтыну үшін және де қайта өндеу үшін, жинау және келесі қайта экспорттау үшін еркін экономикалық аймақ аумағына шетелден келген өнімдер кедендейкі салықтан және импорттың салықтан босатылады. Еркін экономикалық аймактарда баждыз әкелінген импорттың материалдарды колдану мен өндірілген аймактың дайын өнімдерін республика аумағына жеткізу жағдайларында бұл өнімдерге импорттың компонент құнының бөлігінде баж салынуы мүмкін.

Еркін экономикалық аймакта өндірілген экспорт өнімге экспорттың баждар, экспорттың салықтар салынбайды, лицензиялауға және квоталауға түспейді. Қайта өндеуге түспеген, еркін экономикалық аймақ арқылы жүзеге асырылған экспорт өніміне белгіленген тәртіпте экспорттың баждар мен экспорттың салықтар салынады. Мұндай өнімге тиісті республика аумағында қабылданған лицензиялау және квоталау тәртібі жүреді.

Арналы экономикалық аймакта кедендейкі реттеу Казақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен реттеледі. Арналы экономикалық аймактың жері Қазақстан Республикасының кедендейкі аумағынан тыскары жер ретінде қарастырылады. Берілген тәртіп өндіріс операцияларын орындауда қажетті, сырттан кіретін жабдықтаулар, шикі зат, материалдар және басқа да тауарлар кедендейкі баждардан, салықтардан және экономикалық саясаттың шаралырмен қолданудан босатуды қарастырады [1].

Арналы экономикалық аймакта қайта өнделген тауарлар шығуда кеден баждарынан босатылады. Арналы экономикалық аймактағы кәсіпорынға баждыз жабдықтауды және шикі затты кіргізуге, баждыз дайын өнімді шығаруға болады. Басқа тауарларға, шыққан еліне байланысты, арналы экономикалық аймактардан Қазақстан Республикасының басқа жеріне баруында кеден баждары салынады.

Арналы экономикалық аймактарда жұмыс істейтін шаруашылық субъектілердің салық женілдіктері бар екенін ескеріп, арналы экономикалық аймакта кеден тәртібі өндірісті, экспортқа бағытталған өнімді шығаруды ынталандырады деп айтуда болады.

Арналы экономикалық аймактарға ақшалай-несиелік қызмет көрсету үшін аймактың немесе олардың Әкімділік кеңестерінің шешімі бойынша бірнеше аймактардың арналы банкі құрылуы мүмкін. Бұл банк қолма-қол ақшасыз айналымдарды ұйымдастырудан басқа валюталық қорларды басқаруды және мемлекеттік несиені реттеуді жүзеге асыратын болады, сонымен қатар несиелік-каржылық мекемелердің іс-эрекеттеріне бақылауды және арналы экономикалық аймакта әрекет ететін банктік және валюталық тәртіптерді бақылауды жүзеге асыратын болады.

Жалпы айтқанда, табысты қамтамасыз ету үшін аймакта банктік іс-эрекет еркіндігіне және мемлекеттік, коммерциялық немесе жеке банктерден несие алушы тандау еркіндігіне кепіл болу керек.

Аймак аумағында орналасқан республикалық кәсіпорындар үшін, сонын ішінде ортақ кәсіпорындар мүшелері үшін несиеге жеңілдік мелшерлері белгіленуі мүмкін. Олардың көлемі әрбір еркін экономикалық аймақ үшін жеке анықталады, ал оның ішінде – басымдылықтарға байланысты белгіленеді.

Ен төменгі мелшерлері несиелер ен бірінші кезекте экспорттың өндіріс үйімдарына, инфрақұрылымдарды дамытуға, энергетикалық кәсіпорындарға берілуі мүмкін.

Еркін экономикалық аймактың республикалық және дүниежүзілік нарыктармен тиімді өзара әрекеттіне мүмкіндіктер беруі керек. Әрбір аймақ үшін оның улгісіне байланысты анықталады. Сонымен бір мезгілде барлық еркін экономикалық аймактар үшін жалпы талаптар келесілер болуы мүмкін.

1. Еркін экономикалық аймактар валюталық өз шығынын өзі өтейтін негізде жұмыс істейу керек.

2. Еркін экономикалық аймакта теңге мен еркін ауысатын валюта айналуы нарықтың курс бойынша жүзеге асырылады.

3. Заңды құқығы бар мекемелер арасындағы есептесу еki жақтың көлісімі бойынша кез-келген валютамен жүргізіледі.

4. Шетел валютасындағы операциялар шетел банктерімен, осы операцияларды жүргізу құқығына лицензиясы бар коммерциялық банктермен жүзеге асырылады.

5. Валюталық курстарды реттеу, валюталық операцияларды жүзеге асыруға коммерциялық банктерге лицензиялар беру, несиелік-каржылық мекемелердің іс-эрекеттеріне бақылау жасау, банктік және валюталық тәртіптерді қадағалауды тексеру республиканың Ұлттық банкімен жүзеге асырылады.

6. Табыстың теңгелік белігін конверсиялау валюталық биржалар және аукциондар арқылы жүзеге асырылады. Сатушылар мен сатып алушылар ретінде еркін экономикалық аймактар қатысушылар болады.

7. Несиелік-есеп және қаржылық операциялар халықаралық тәжірибеле сәйкес жүргізіледі.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығымен арналы экономикалық аймакта Әділет министрлігінің үкілді органымен орындалады.

Арналы экономикалық аймакта шетел азаматтарының келу тәртібі Қазақстан Республикасының заңына сәйкес орнатылған. Арналы экономикалық аймакқа шетел азаматтарының және олардың көлік құралдарының келуді, кетуді, транзитпен өтуді рәсімдеу бойынша қызметтерді орындауда үшін орталық орындаушы органдармен мемлекеттік органдардың бөлімшелері құрылады.

Арналы экономикалық аймактар Занына сәйкес арналы экономикалық аймактарды жасау, қызмет ету және тарату саласында «... орталық орындаушы орган» Әкілетті орган болып табылады, оның құзыретіне кіретіндер:

- арналы экономикалық аймактарды жасау, қызмет ету және тарату саласында мемлекеттік органдардың іс-эрекеттің үйлестіріледі;
- арналы экономикалық аймактың аумағында іс-эрекетті жүргізуге рұқсат ету ережелерін әзірлеу және бекіту;
- арналы экономикалық аймактың аумағында жер участекелерімен пайдаланған үшін төлем соммаларын келістіру және басқа мәселелер.

Ондай өкілетті орган болып Индустрія және сауда министрлігі анықталған.

Солай бола тұрып, тәжірибеде жасалған 6 аймакта 3 министрлік, 2 қаланың әкімдігі, облас әкімділігі өкілетті орган болып табылады. Әр Өкілетті орган және «Арнайы экономикалық аймақтың Әкімшілігі» Мемлекеттік мекеме ретінде Өкілетті органмен жасалған орындаушы органдар, өз мамандығы, тәжірибесі және мүмкіншілігі шегінде нәтижеде арнайы экономикалық аймағы іс-әрекетінің нәтижелерін анықтайтын маңызды мәселелерін шешеді.

Мұнда Индустрія және сауда министрлігі арнайы экономикалық аймаққа катысты арнайы экономикалық аймақтың сұраптарты бойынша Үкіметтің тек орындаушы органды болып табылады. Осыған байланысты алдында жасалған және келешекте жасалатын арнайы экономикалық аймақтардың жалғыз Өкілетті органы деп Индустрія және сауда министрлігін тағайындау қажет.

Индустрія және сауда министрлігінің бір Комитетін орындаушы орган ретінде анықтау қажет немесе өкілетті орган ішінде бөлек құрылымды бөлімше жасаган жөн. Сондай-ақ, міндетті түрде арнайы экономикалық аймақты басқару органдарында жергілікті орындаушы органдардың өкілеттігін анықтау қажет, себебі арнайы экономикалық аймақтың бағдарламасын іске асырғанда көп мәселелер нақты өнірдің мәселесін қозғайды және тек жергілікті үкіметтің катысуымен шешіледі.

2002 жылдан бері елде 6 арнайы экономикалық аймақ жасалды. Жасалған арнайы экономикалық аймақтар өз мүмкіндігі және статусы шенберінде өз дамуының мәселелерін шешуге тырысада. Арнайы экономикалық аймақтың іс-әрекетінің тиімділігін бағалау бойынша бірінғай әдіс жоқ, ер арнайы экономикалық аймак инфрақұрылымын жасауда қаржыландыру мәселелерін өз бетімен шешуде, инвесторларды тарту мәселелері бойынша бірінғай саясат дайындалмаған.

2006-2008 жылдар ішінде Үкіметке туризм, көлік және сауда логистикасы, сауда, өндеу салалары бойынша тағы бес арнайы экономикалық аймақты жасау туралы бір қатар ұсыныстар түсті. Арнайы экономикалық аймақты жасау рәсімдеріне сәйкес бастамашылар арнайы экономикалық аймақтар туралы заңдарында белгіленгендей, Индустрія және сауда министрлігіне Сарапшылық кеңесінде қаралуы үшін құжаттарын тапсырды. Қазіргі уақытта «Достық» арнайы экономикалық аймақты және «Хоргос» арнайы экономикалық аймақты жасау туралы шешімдер қабылданған, басқалар туралы Сарапшылық кеңеспен шешім қабылданбады. Себебі инфрақұрылым құрылышын қаржыландыруда белгісіздік және соңғы жылдары елде қалыптасқан арнайы экономикалық аймақтарға жағымсыз көзкарас. Сондай-ақ Қазақстан арнайы экономикалық аймақтардың тиімсіз іс-әрекетін арнайы экономикалық аймақтарды жасауда және дамытуда жоспарлы, жүйелі әдістің жоқтығымен түсіндіруге болады. Жаңа арнайы экономикалық аймақтарды жасау қажеттілігін дәлелдейтін және алдында жасалған арнайы экономикалық аймақтардың ен алдымен қаржы мәселелерін шешетін Индустрія және сауда министрлігінің дәлелдері жетіспейді.

Арнайы экономикалық аймақ мәселелері бойынша Алқалық кеңестің құзыретіне қосымша енгізіп, арнайы экономикалық аймақта катысуға рұқсат беру туралы ұсыныстарды қабылдау қызметті тапсыру қажет.

Арнайы экономикалық аймақта катысуға рұқсат беру туралы ұсыныстарды Индустрія және сауда министрлігі қарамағындағы Сарапшылық кеңеске тапсыру қажет. Бұл деңег арнайы экономикалық аймақтардың катысушыларын қатаң тандауға және арнайы экономикалық аймақтың аумағында арнайы экономикалық аймақтың

мақсаттарына және міндеттеріне сәйкес келмейтін лайықсыз жобаларды орналастыруға жол бермейді.

Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтарының қызмет ету тәжірибесін зерттеу көрсеткендегі, арнайы экономикалық аймақтарды тиімді мемлекеттік реттеу мақсатында арнайы экономикалық аймақтың құқықтық базасын жетілдіру қажет.

Арнайы экономикалық аймақтар туралы мәселелер бойынша қабылданған нормативтік-құқықтық актілерді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының, оның субъектілерінің және муниципалды құрылымдардың жалпы даму мүддесіне жауап беретін Зан қабылдау қажет. Әлемдік тәжірибелі негізге алып, Қазақстанға қажетті арнайы экономикалық аймақтардың түрлеріне, олардың мамандануына, мөлшеріне, жасалу, қаржыландыру және басқару тәртібіне ерекше көніл бөлу керек. Арнайы экономикалық аймақтың шаруашылық іс-әрекеті тәртібін анықтағанда осы аймақтарда шетел және қазақстандық кәсіпкерлерге берілетін салық, кеден, бюджеттік және т.б. женілдіктер мөлшерін және нақты түрлерін заңда көлтіру қажет.

Нормативтік актілерге қосымшаларды және өзгерістерді енгізу арнайы экономикалық аймақтардың қызмет ету тәртібін реттеуді жаксартуға ықпалын тигізді және берілген өнірлердің жылдам экономикалық дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұстафаев С.Т. Қазақстан Республикасының Кеден құқығы (зан факультетінің студенттеріне арналған лекциялар курсы). – Оқу-әдістемелік құрал. –Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2004. 96 б.

Резюме к статье

В статье рассматриваются условия создания специальных экономических зон и предложены пути их совершенствования.

The resume to article

In article conditions of creation of special economic zones are considered and ways of their perfection are offered.